


АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАҒАНЫ ҮШІН СОТТАЛҒАН

ХАТТАР
МАРАФОНЫ

AMNESTY
INTERNATIONAL



Шебнем Корур
Финджанджы,
Түркия

Адам құқықтары
бойынша білім
беру сабағы





ХАТТАР МАРАФОНЫ

ТАҒДЫРЛАРҒА ӘСЕР ЕТЕТІН СӨЗ КҮШІ

Кішігірім топтың біреуді қолдап, бірігіп әрекет етуі таңғажайып нәтижеге әкелуі мүмкін.

20 жыл бұрын Польшаның кішігірім белсенділер тобы 24 сағаттық хат жазу марафонын бастаған еді. Уақыт өте келе бастама дүние жүзіне кең таралды. Бүгінде Хаттар марафоны адам құқықтары бағытындағы ең ірі жаһандық шаралардың бірі.

2001 жылы 2 326 хаттан бастау алып, 2023 жылы 6 миллионға жуық хат, твит, петицияларды қолдау мен басқа да әрекеттерге ұласқан шара аясында әлемнің түкпір-түкпіріндегі адамдар сөз қуатын пайдалана отырып, географияның ынтымақтастыққа кедергі еместігін дәлелдеді. 2023 жылдың өзінде адам құқықтары бойынша білім беру шараларына 1,4 миллионнан астам адам қатысқан. Бірігіп жасаған әрекеттеріміз арқылы, осы аралықта біз 100-ден астам адамның өмірін өзгерттік: белсенділерге қамаудан босауға, құқықтары бұзылған адамдарға әділдік орнатуға және өзгеріс талап еткендерді қорғауға көмектестік.

Биылғы марафонға да әлемнің түкпір-түкпірінен адамдар қатысуда. Олар – өздерінің болмысы немесе өз құқықтарын жүзеге асырғаны үшін ғана адам құқықтарының бұзылушылығына тап болғандар. Бірігіп, біз оларға әділдікке қол жеткізуге көмектесе аламыз. Хаттар марафоны арқылы әрбір қатысушы әлемнің әр бұрышындағы мыңдаған адамдардан жекелеген қолдау хаттарын алады. Жағдайларының көпшілік назарына іліккенін түсіну қатысушылар мен олардың жақындарына өздерінің ұмыт қалмағандарын сезінуге көмектеседі. Әділетсіздікті тоқтатуды талап етіп, билік өкілдеріне тікелей хат жазу арқылы біз әділ әрі тең әлем құруға ықпал ете аламыз.

Өткен жылдары марафонға қатысқан жеке тұлғалар мен топтар бұл шаралардың өмірлеріне біршама өзгеріс әкелгенін әрі қаншама адамның оларға бейжай қарамайтынын білудің өзі бірталай күш беретінін айтады.

Көп жағдайда қатысушылар мен ұқсас жағдайдағы басқа жандарға деген көзқараста біршама өзгеріс байқалады. Айыптар алынып, адамдар қамаудан босатылуы мүмкін. Оларға адамгершілікпен қарай бастап, әділетсіздікке қарсы заңдар мен ережелер де қабылданып жатады.

“Шынымды айтсам, бұл марафон мені аман алып қалды. Олар мені өлтіре алмады, себебі жанымда сіздер бар едіңіздер.”

Жани Силва, қоршаған ортаны қорғаушы, 2021

БАСТАМАС БҰРЫН

Бұл адам құқықтары бойынша бұл білім беру шарасы мектеп сыныбы, қауымдас топ, отбасы немесе белсенді топ сынды әртүрлі онлайн немесе офлайн ортада өткізілуі мүмкін. Фасилитатор ретінде сіз шараны өзіңіз жұмыс істеп жатқан топтың контексіне және ерекшеліктеріне қарай бейімдей аласыз. Мысалы сіз топтың талқыланатын мәселе бойынша алдын-ала білім деңгейін, топ көлемін, қатысушылардың барынша белсенділігін қамтамасыз ету үшін ұйымдастыру жолын, шара өтетін физикалық орны я оны онлайн немесе офлайн өткізу жолын, болмаса кез келген басқа да шектеулерді ескергіңіз келуі мүмкін. Егер қатысушылар жеке тұлға я топқа қолдау көрсету әрекетін жасағысы келсе, мұның қаншалықты қауіпсіз екенін талқылағаныңыз жөн.

Барлық іс-шаралар қатысу арқылы оқу әдістемесіне негізделген. Бұнда оқушыларға тек ақпарат ұсынылып қана қоймайды; олар жеке тұлғалардың оқиғаларына қатысты мәселелерді зерттеп, талқылап, талдап және сұрақтар қояды. Бұл әдіс негізінде қатысушылар:

маңызды дағдыларын **ДАМЫТАДЫ**

жеке пікір **ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ**, сұрақ қояды және ұсынылған мәселелерді тереңірек түсіне алады

оқу үдерісін **БАСҚАРАДЫ** және өз мүдделері, қабілеті мен көзқарастарына қарай талқыны бейімдей алады

эмоциялық түрде толыққанды қатысу және өз көзқарастарын дамыту **МҮМКІНДІГІНЕ ИЕ БОЛАДЫ**.



Хаттар марафоны 2023 аясында Чехияда достарымен бірге хат жазып отырған сәті

© Валерие Мирич

Біз күресіп жатқан адамдар жайлы мәлімет алыңыз:
amnesty.org/writeforrights

Өз еліңіздері Amnesty ұжымымен байланысыңыз:
amnesty.org/countries

@Amnesty-ге қолдауыңызды #W4R24 хэштегімен білдіріп, твит жазыңыз.

Егер қатысу арқылы оқу әдістемесімен таныс болмасаңыз, бастамас бұрын Amnesty International-дың **Фасилитация бойынша нұсқаулығын** қарап шығыңыз:
amnesty.org/en/documents/ACT35/020/2011/en/

Amnesty International адам құқықтары бойынша онлайн курстар ұсынады. Оның ішінде Хаттар марафонын таныстыратын құқық қорғаушылар жайлы қысқа курс та бар:
academy.amnesty.org/learn



СӨЗІҢІЗДЕ ҚУАТ БАР

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУШЫ АҚТАЛЫП ШЫҚТЫ

Рита Қарасартова – құқық қорғаушы және азаматтық басқару саласында сарапшы. Ол он жылдан астам уақытын жемқор және сенімсіз құқықтық жүйеден зардап шеккен тұлғаларға тәуелсіз заңгерлік көмек көрсетуге арнаған. Рита басқа да 26 белсенді қатарында таза су резервуарын Өзбекстан бақылауына беру туралы жаңа шекара келісіміне қарсы шыққаны үшін қамалды. Ол өзіне тағылған “үкіметті күшпен құлатуға әрекет жасау” айыбы негізінде 15 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін еді. Рита мен кемінде 21 басқа да айыпталушы 2024 жылдың 14 маусымында ақталып шықты.

“Өзімнің зор, зор алғысымды білдіргім келеді... Сіздердің дер кезінде жасаған әрекеттеріңіз – хаттар, петициялар, қолдар, сотқа, прокуратураға жіберген көптеген хаттарыңыз – бәрі өте үлкен күшке ие болды. Шынымен, бұл біз үшін үлкен қолдау болды... Әрине, ақталуды мүлде күтпедік. Әлі толық қабылдай алар емеспін. Біз сан түрлі сценарий, әртүрлі нәтиже болжардық, алайда бәріміздің толық ақталып шығуымыз жайлы ойлаппыз да!... Алғысымыз шексіз.”

Рита Қарасартова
Қырғызстаннан



© Жеке

“Жаным жай тапқандай сезімдемін. Хаттар марафоны үшін алғыс айтамын. Мәңгі қарыздармын. Арқамнан ауыр жүк түскендей болды. Хаттар мен ашық хаттарды оқып, өзімді сүйікті әрі бағалы екенімді сезіндім.”

Сесиллия Чимбири Зимбабведен

ОППОЗИЦИЯ БЕЛСЕНДІСІЛЕРІ БОСАТЫЛДЫ

Оппозиция белсенділері Сесиллия Чимбири, Джоанна Магомбе және Нетсай Марова наразылық акциясына қатысқаннан кейін ұрланып, азаптауға ұшырап, кейін түрмеге қамалған. Оларға “жалған ақпарат тарату” және “әділдікке кедергі келтіру” айыптары тағылды. Нетсай Зимбабведен қашуға мәжбүр болды. 2022 жылы Хаттар марафонына қатысқаннан кейін Жоғарғы сот Сесиллия мен Джоаннаны ақтап үкім шығарды.



© Amnesty International/Toro



Нидерландыдағы (сол жақ шетте) және Тогодағы (сол жақта) Amnesty International қолдаушылары 2023 жылғы Хаттар марафоны іс-шараларында.



АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖАЙЛЫ

Адам құқықтары – бұл әрбір адамға тиесілі негізгі бостандықтар мен қорғаныс құралдары. Олар ешкімнің жасы, ұлты, жынысы, нәсілі, сенімі мен жеке көзқарасына қарамастан, қадір-қасиет, теңдік және өзара құрмет қағидаттарына негізделген.

Сіздің құқықтарыңыз өзіңізге де, өзгелерге де әділ қарау және өз өміріңізге қатысты шешім қабылдай алуыңыз жайлы. Бұл негізгі адам құқықтары жалпыға ортақ – яғни бәрімізге, әлемдегі әрбір адамға тиесілі. Әр олар ажырамас – оларды бізден ешкім тартып ала алмайды. Сонымен қатар олар бөлінбес әрі өзара тәуелді, яғни әрқайсысы бірдей маңызды және бір-бірімен тығыз байланыста.

Екінші дүниежүзілік соғыс қасіреттерінен кейін, Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларация ретінде бастау алған халықаралық адам құқықтары құралдары әлем тұрғындарының өмірін жақсартуға бағытталған ұлттық, аймақтық және халықаралық заңнамаларға берік негіз құрды. Адам құқықтарын үкіметтерге арналған заң ретінде қарастыруға болады. Олар үкіметтер мен мемлекеттік қызметкерлерді өз юрисдикциясындағы және шетелдегі адамдардың құқықтарын құрметтеу, қорғау және қамтамасыз етуге міндеттейді.

Адам құқықтары қолайлы жағдайда ғана орындалатын сән-салтанат емес.



АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ (АҚЖОД)

АҚЖОД Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін жаңа құрылған Біріккен Ұлттар Ұйымы тарапынан дайындалды. 1948 жылдың 10 желтоқсан күні қабылданған бұл құжат халықаралық адам құқықтары жүйесінің негізін құрды. Әлемнің әрбір мемлекеті осы құжаттың 30 бабында көрсетілген жалпыға ортақ қағидаттарды орындаймыз деп келісті.

АҚЖОД – аты айтып тұрғандай, декларация. Яғни әлемдегі әрбір үкіметтің жеке адамдарға көзқарасында белгілі бір стандарттарды ұстану ниетін білдіретін декларация. Адам құқықтары халықаралық құқық бөлігіне айналды: Декларация қабылданғалы оның қағидаттарына негізделген бірқатар міндетуші заңдар мен келісімдер пайда болды. Олар Amnesty International сынды ұйымдарға Хаттар марафонын қатысушылары бастан кешкен жағдайларға ұқсас әрекеттердің реттелуін үкіметтерден талап етуге негіз береді.



АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

	Азаматтық құқықтар мен бостандықтар Өмір сүру құқығы, азаптау мен құлдықтан еркін болу құқығы, кемсітілмеу құқығы.	1-бап Қадір-қасиет пен құқықтың еркіндігі және теңдігі 2-бап Кемсітуден еркін болу 3-бап Өмір сүру, бостандық пен жеке қауіпсіздік құқығы 4-бап Құлдықтан еркін болу 5-бап Азаптаудан еркін болу
	Заңи құқықтар Кінәсіздік презумпциясына ие болу құқығы, әділ сот құқығы, негізсіз қамалмау не ұсталмау құқығы.	6-бап Бәрі заңмен қорғалады 7-бап Заң алдында бәрі тең 8-бап Құқықтар бұзылғанда қорғауға алыну 9-бап Заңсыз қамау, ұстау не елден кетіруге тыйым салу 10-бап Әділ сол құқығы 11-бап Кінәсіздік презумпциясы 14-бап Басқа елден пана және қорған іздеу құқығы
	Әлеуметтік құқықтар Оқу, отбасы құру және отбасылық өмір сүру, демалу, медициналық қызмет алу құқығы.	12-бап Жеке өмір, үй және отбасы өміріне сұғылмаушылық құқығы 13-бап Мемлекетік шекаралар аясында еркін өмір сүру және қозғалу құқығы 16-бап Некеге тұру және отбасы құру құқығы 24-бап Демалыс құқығы 26-бап Білім алу, оның ішінде ақысыз бастауыш білім алу құқығы
	Экономикалық құқықтар Мүлікке иелік ету, еңбек ету, баспана, тиімді өмір деңгейіне ие болу құқығы.	15-бап Азаматтыққа ие болу құқығы 17-бап Меншік пен мүлікке иелік ету құқығы 22-бап Әлеуметтік қамтамасыздық құқығы 23-бап Еңбек, әділ еңбекақы және кәсіподаққа мүше болу құқығы 25-бап Денсаулық пен әл-ауқат үшін лайықты өмір сүру деңгейі құқығы
	Саяси құқықтар Ел билігіне араласу құқығы, сайлауға қатысу құқығы, бейбіт түрде жиналу құқығы, пікір білдіру, сенім және дін бостандығы	18-бап Сенім (оның ішінде діни сенім) бостандығы 19-бап Пікір білдіру және ақпарат тарату құқығы 20-бап Бірлесу және бейбіт жиналыс бостандығы 21-бап Өз елінің билігіне араласу құқығы
	Мәдени және ынтымақтастық құқықтары Қауымдастықтың мәдени өміріне қатысу құқығы	27-бап Қоғамның мәдени өміріне қатысу 28-бап Барлық құқықтар толығымен жүзеге асырылатын дүние жүзілік тәртіпке ие болу құқығы 29-бап Басқалардың құқықтарын сақтау және қадірлеу міндеті 30-бап Бұл құқықтарды ешкім ешкімнен тартып ала алмайды!



САБАҚ

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУШЫЛАР

НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕР

- Пікір білдіру еркіндігі
- Құқық қорғаушылар
- Азаптау

БҮЛ САБАҚ ЖАЙЛЫ

Қатысушылар құқық қорғаушылардың рөліне Шебнем Корур Финджанджының оқиғасы арқылы үңіледі. Ол – Түркиядан шыққан сот медицина сарапшысы, азаптауға қарсы күрестің алдыңғы қатарында жүрген белсенді. Қатысушылар азаптауға қарсы этикалық және құқықтық дәлелдерді талқылап, Шебнемді қолдау үшін хат жазуға әрекет етеді.

ЖАС: 14+

ҚАЖЕТ УАҚЫТ

60 МИНУТ – “Әрекетке көшіңіз” бөлімі үшін қосымша уақыт қажет болуы мүмкін.

ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ:

Қатысушылар:

- құқық қорғаушылардың рөлі мен маңызын **түсінеді**.
- азаптауға қарсы этикалық және құқықтық дәлелдерді **зерттейді**.
- құқықтары бұзылған адамдарға жанашырлық **танытады**.
- Amnesty International-дың Хаттар марафоны туралы **біледі**.
- Шебнем Корур Финджанджының қолдау және оған ынтымақтастық білдіру үшін хат **жазады**.

МАТЕРИАЛДАР

- **Таратпа: Шебнемнің оқиғасы** (11-бет)
- **Ақпараттық анықтама** (10-бет)
- **Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясының (АҚЖОД) қысқартылған нұсқасы** (5-бет)
- **Қағаз, қалам және хатқалталар** (хат жіберілетін болса)
- Қосымша: Хат үлгілері www.amnesty.org/writeforrights/
- Қосымша: Шебнем Корур Финджанджының бейнесі www.amnesty.org/w4r-videos

ДАЙЫНДЫҚ

- Ақпараттық анықтама мен Шебнемнің оқиғасын оқып шығыңыз.
- Қосымша: Әр қатысушыға Шебнемнің оқиғасын және қысқартылған АҚЖОД көшірмелерін басып шығарыңыз.

ҚОСЫМША АҚПАРАТ

- Адам құқықтары туралы толығырақ Amnesty Academy сайтынан біліңіз: www.amnesty.org/en/get-involved/online-courses/
- «Азаптауға қарсы күш беру: Адам құқықтары бойынша білім беру семинарлар сериясы» нұсқаулығын оқыңыз: www.amnesty.org/en/documents/act40/1433/2015/en/

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Сабақты бастамас бұрын қатысушыларға азаптау және басқа да адам құқықтарының бұзылуы жайлы талқы алаңдатарлық болуы мүмкін екенін хабарлаңыз. Қатысушыларда эмоцияға берілудің қалыпты жағдай екенін және өздеріне қамқор болу керектігін түсіндіріңіз. Қатысушылар өз ойларын және эмоцияларын еркін білдіре алатын қауіпсіз орта жасаңыз. Өздерін мазасыз сезінсе немесе үзіліс қажет болса, бұл туралы айтуға ынталандырыңыз. Қатысудың ерікті екенін түсіндіріп, егер өздерін ыңғайсыз сезінсе, бас тарта алатынын жеткізіңіз. Азаптау жайлы графикалық сипаттамаларды қолданбауға тырысыңыз, оның орнына адам құқықтары мен осы құқықтарды қорғау маңызына назар аударыңыз. Талқының әділ, құрмет пен жанашырлықта жүргізілуін қадағалаңыз, артық әсірелеуге жол бермеңіз.

1. ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУШЫЛАР ТУРАЛЫ ТАЛҚЫ



Іс-шараны мына сұрақтан бастаңыз:

- «Құқық қорғаушы» деген сөзді естігенде ойыңызға не келеді? Қатысушылардың жауаптарын флипчартқа немесе тақтаға жазыңыз.

Бірнеше адамның пікірін тыңдағаннан кейін халықаралық адам құқықтары стандарттарына негізделген келесі анықтаманы оқыңыз:

«Құқық қорғаушылар – адам құқықтарын қорғау және ілгерілету үшін бейбіт әрекеттер жасайтын жеке тұлғалар. Олар жеке немесе басқалармен бірлесе әрекет етуі мүмкін. Олардың қызметі адам құқықтарының белгілі бір саласына немесе белгілі бір топтың құқықтарына бағытталуы мүмкін. Алайда, олар Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында көрсетілгендей, адам құқықтарының әмбебаптығын мойындауы керек. Бұл дегеніміз, олар кейбір құқықтарды жоққа шығарып, басқалардың құқықтарын бұзатын әрекеттер жасай алмайды. Егер адам өшпенділік, кемсітушілік немесе зорлық-зомбылыққа қатысса не оны қолдаса, ол құқық қорғаушы болып саналмайды.»



Талқыны жалғастыру үшін келесі сұрақтарды қойыңыз:

- Құқық қорғаушылар біздің қоғамда қандай рөл атқарады?
- Сіз құқық қорғаушыларды білесіз бе? Олар кімдер және қандай құқықтарды қорғайды?
- Құқық қорғаушы болудың қандай қауіптері болуы мүмкін?
- Құқық қорғаушылардың қандай қасиеттерін бағалайсыз?

10-беттегі анықтамалық ақпаратты пайдаланып, мысал келтіріп, талқылауды аяқтаңыз.

Қатысушыларға Түркиядан шыққан құқық қорғаушы, профессор Шебнем Корур Финджанджының азаптауды жоюға және адам құқықтарын қорғауға арнаған өміріне көз жүгіртетіндерін хабарлаңыз. Шебнем – сот медицинасының сарапшысы, қылмыстық істерде, әсіресе өлім немесе жарақат себептерін анықтау бағытында жұмыс істейді.

2. ШЕБНЕМ КОРУР ФИНДЖАНДЖЫНЫҢ ОҚИҒАСЫ



Профессор Шебнем Корур Финджанджының оқиғасын (11-бет) дауыстап оқып беріңіз немесе өздері оқып шығуы үшін қатысушыларға көшірмелерін таратыңыз. Егер олар ұғымдармен таныс болмаса, 10-беттегі азаптаудың анықтамасын ұсыныңыз.

Шебнемнің оқиғасын оқығаннан кейін қатысушылардан сұраңыз:

- Шебнемнің оқиғасын оқығанда қандай ойлар туындады?
- Түркия үкіметі не үшін Шебнемді қорқытып, оған қысым көрсетуде деп ойлайсыз?
- Шебнем сияқты адам құқықтары үшін күресетін адамдарды қорғау қажет деп санайсыз ба? Неге?

3. АЗАПТАУДЫ ТОҚТАТ!



Қатысушыларға азаптауға тыйым салатын әрі бұл тыйымдарды заң, саясат және этика тұрғысынан қолдай алатын халықаралық заңдар барын түсіндіріңіз. Енді бірқатар мәлімдемелерді оқитыныңызды айтыңыз. Қатысушылардан мәлімдемелердің шын немесе жалған екендігіне қарай бөлмеде тиісінше жайғасуын сұраңыз. Бөлменің бір жағын «Шын», екінші жағын «Жалған» деп белгілеңіз. Қатысушылар сенімсіз болса не мәлімдемені жартылай шын деп бағаласа, бөлме ортасына тұруы керек.

Әр мәлімдемені толық оқып шығып, қатысушыларға ойлануға уақыт беріңіз. Қатысушылар өз орындарына орналасқаннан кейін, кей еріктілерден өз шешімдерін түсіндіруін сұраңыз. Кейін дұрыс жауап пен оның түсіндірмесін беріңіз.

Мәлімдемелер:

1. **Төтенше жағдай немесе ұлттық қауіпсіздік мәселелері кезінде азаптаудың кейбір түрлеріне рұқсат етілуі мүмкін.**
Жалған: Халықаралық адам құқықтары заңдары, оның ішінде 1984 жылғы БҰҰ-ның Азаптауға қарсы конвенциясы және 1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт, азаптауға кез келген жағдайда – төтенше жағдайлар кезінде де, ұлттық қауіпсіздікті қорғау үшін де тыйым салады. Бұл өзгермейтін ереже.
2. **Адамдарды ұйқыдан айыру (ұйқысыз қалдыру) – азаптаудың бір түрі.**
Шын: Ұйқыдан айыру БҰҰ тарапынан азаптау немесе басқа да қатігез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысқа тиюші қатынас ретінде мойындалған. Біз азаптау жайлы ойлағанда көбіне күшпен ұстау, электрлік соққылар немесе тұншықтыру сияқты әдістерді елестетеміз, және мұндай жабайы тәжірибелер көптеген елдерде орын алып тұрады. Алайда бұндай құқық бұзушылық адам төзгісіз түрме жағдайларын, жалғыс ұстау және медициналық көмек көрсетпеуді де қамтиды.



3. Азаптау билікке адамдардан жылдам, сенімді және шынайы ақпарат алуға көмектеседі.

Жалған: Азаптау құрбандары көбіне ауырсынуды тоқтату үшін жалған немесе алдамшы ақпарат береді, сол себепті азаптау арқылы алынған барлау мәліметтеріне сенуге болмайды. Ақпараттың азаптау арқылы алынғаны анықталған күйі сол адамдарға қатысты үкім күші жоғалатын жағдайлар да бар.

4. Азаптау ұзақ мерзімді психологиялық жарақаттарға әкелуі мүмкін..

Шын: Азаптау көп жағдайда ұзақ мерзімді психологиялық мәселелер, соның ішінде посттравматикалық стресс ауруын, депрессия және мазасыздық тудырады.

5. Тәжірибе жүзінде азаптау көбіне ұлттық қауіпсіздік пен терроризмге қарсы мәселелермен шектеледі.

Жалған: Азаптау тек ұлттық қауіпсіздік және терроризмге қарсы күрес мәселелерімен шектеледі деген қате түсінік бар. Бірақ Amnesty International зерттеулері азаптау кез келген адамға — ұсақ қылмыскер, этникалық азшылық өкілі, наразылық білдіруші, студент белсенді және кездейсоқ жағдайда сол жерде болған адамдарға да жасалуы мүмкін екенін көрсетеді. Қорғайтын немесе көмек сұрайтын ешкім болмай, көбінесе кедей және шеттетілген адамдар полиция мен басқа да шенеуніктер тарапынан ұрып-соғылу, қорлану немесе зорлық және басқа да жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшырау қаупіне тап болады.

Бұл бөлімді аяқтау және қорытындылау үшін, қатысушыларға келесі сұрақтар туралы ойлануды ұсыныңыз:

- Шебнемнің жұмысы неге маңызды?
- Шебнем сияқты құқық қорғаушыларды қолдау үшін не істей аламыз деп ойлайсыз?

4. ӘРЕКЕТКЕ КӨШІҢІЗ

Amnesty International-дың Хаттар марафоны жайлы түсіндіріңіз. Amnesty International адамдарды Шебнем Корур Финджанджы үшін әділдік талап етуге шақырып жатқанын айтыңыз. Өткен жылғы науқаннан (3-бет) мысалдар келтіріп, хат жазу және әрекет етудің қаншалықты тиімді болатынын көрсетіңіз немесе www.amnesty.org/w4r-videos сайтындағы «Хаттар марафоны: Әрекетке көшу» бейнесін тамашалаңыз.

Қатысушылардың әрекетке кірісуі үшін берілген уақыт жеткіліксіз болса, кейінірек ұйымдасуға болатынын жеткізіңіз немесе нақты әрекеттерді топтарға бөліп беріңіз. Оларды шығармашыл болуға шақырыңыз.



Қатысушыларға мына жерден табуға болатын www.amnesty.org/w4r-videos (ағылшын тілінде қолжетімді) Шебнем Корурдың бейнесін көрсетіңіз.



Шебнем Корур Финджанджы



ХАТ ЖАЗЫҢЫЗ

Оң жақтағы байланыс ақпаратын пайдалана отырып, қатысушыларды Түркияның Әділет министріне хат жазуға шақырыңыз.

- Хаттың жеке адамнан екенін көрсету үшін министрге өзіңіз туралы айтып өтіңіз.
- Шебнемнің оқиғасында сізді қандай жайт таңғалдырғанын айтыңыз.
- Үкіметтердің адам құқығын құрметтеуі мен қорғауы қаншалықты маңызды екенін жеткізіңіз.
- Биліктен **Шебнемді қудалау үшін қылмыстық әділет жүйесін теріс пайдалануды тоқтатуды талап етіңіз және оны адам құқықтарын қорғағаны үшін басқа айыптармен қудаламауға шақырыңыз.**

Әділет министрі
Kızılay
Milli Müdafı Cd. No: 5
06420 Çankaya
Аңқара
Түркия

Email: ozelkalem@adalet.gov.tr
Facebook: www.facebook.com/bmyilmaztunc/
X: [@yilmaztunc](https://twitter.com/yilmaztunc)
Instagram: [@yilmaztunc](https://www.instagram.com/yilmaztunc)

Хэштегтер: #ŞebnemKorurFincanci
#W4R24

Қаратпа: Құрметті Министр

ҚОЛДАУ КӨРСЕТИҢІЗ

Шебнемге оның Түркиядағы адам құқықтарын қорғау жолындағы күресін қолдайтыныңызды білдіріңіз. Оған өзіңіздің ынтымақтастық пен үмітке толы хабарламаңызды жіберіңіз. Шығармашыл болыңыз! Хатыңызды әлеуметтік желіде жариялап, Шебнемді белгілеп қойыңыз. Кейін оны оң жақта көрсетілген мекенжайға жіберіңіз. Шебнемге X желісінде жазылуды ұмытпаңыз!

Шебнем түрік және ағылшын тілдерінде сөйлейді. Келесі мысал хабарламаларды қолдансаңыз да болады:

Ағылшын тілі: I stand with you, Prof Şebnem Korur Fincancı. Defending human rights should never be a crime. Thank you for all your amazing work, we are in full solidarity with you.

Түрік тілі: Sevgili Prof Şebnem Korur Fincancı, yanınızdayım. İnsan haklarını korumak hiçbir zaman suç değildir. Hak arayışında yaptığınız çok değerli çalışmalarınız için teşekkürler, dayanışma ile.

Билік орындары Күрдтер қозғалысымен байланыстыратын түстер — қызыл, алтын және жасылдың қатар қолданысынан аулақ болыңыз.

Профессор Шебнем Корур Финджанджы
c/o Türk Tabipleri Birliği
GMK Bulvarı
Şht. Daniş Tunalıgil Sk. No: 2/17-23
06570 Maltepe
Аңқара
Түркия

X: [@SKorurFincanci](https://twitter.com/SKorurFincanci)

Хэштегтер: #ŞebnemKorurFincanci
#W4R24

АҚПАРАТТЫҚ АНЫҚТАМА

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУШЫЛАР

Құқық қорғаушылар қоғамда маңызды рөл атқарады, олар жеке тұлғалар мен қауымдастықтардың құқықтарын қорғап, олар үшін күреседі. Олар адам құқықтарының бұзылуын әшкерелеп, құрбандарға қолдау көрсетеді және адам құқықтарын сақтау үшін заңнамалық және әлеуметтік өзгерістерге ұмтылады. Олар құқық бұзушылықтарды құжаттайды, құқықтық көмек көрсетеді, білім беріп, құқық бұзушыларды жауапқа тарту үшін халықаралық адам құқықтары механизмдерімен жұмыс істейді.

Құқық қорғаушылар қоғамның әртүрлі салаларынан шығады: арасында студент, қоғам көшбасшылары, журналист, заңгер, құқық бұзушылық құрбандары мен олардың отбасылары, медицина қызметкері, мұғалім, кәсіподақ өкілі, сыбайлас жемқорлықты әшкерелеуші, фермер және экологиялық белсенді бар. Олар үкіметтер мен корпорациялардың билікті теріс пайдалануының алдын алып, қоршаған ортаны, азшылық топтардың құқықтарын қорғап, әйелдер мен ЛГБТИ адамдардың құқықтарына қарсы дәстүрлі кедергілер мен қанаушы еңбек жағдайларына қарсы шығады.

Көбіне ықпалды үкіметтер мен мемлекеттен тыс топтарға қарсы шығатындықтан құқық қорғаушылар барлық жерде қоқан-лоққы, қудалау, түрмеге жабу, зорлық-зомбылық және тіпті өлім сынды үлкен қауіптерге тап болып жатады. Үкіметтер мен басқа да күшті құрылымдар оларды үнсіз қалдырып, өз билігін сақтап қалу үшін нысанаға алады. Бұл қауіптер әсіресе репрессивті режимдерде өткір, мұндай жерлерде адам құқықтары, соның ішінде пікір білдіру еркіндігі мен бейбіт жиналу құқығы қатты шектеледі. Бұл қауіптерге қарамастан, құқық қорғаушылар шеттетілген және езгі көрген адамдардың құқықтарын қорғауды жалғастырады. Олардың еңбегі жиі әлеуметтік және заңнамалық маңызды өзгерістерге әкеліп, адамдардың өмірін жақсартып отырып, әлемде адамгершілік пен еркіндікті алға жылжытады.

Үкіметтер құқық қорғаушыларды қорғауға, оларға қарсы жасалған құқық бұзушылықтарды болдырмауға және тиімді түрде қарауға, сондай-ақ олардың кемсітусіз, қауіпсіз және қолайлы ортада жұмыс істеуін қамтамасыз етуге толық жауапты.

АЗАПТАУ

Азаптау – бұл ресми тұлғаның біреуге белгілі бір мақсатпен ауыр физикалық немесе психологиялық азап шектіретін әрекеті. Кейде билік өкілдері қылмысты мойындату үшін немесе ақпарат алу мақсатында адамды азаптайды. Кейбір жағдайларда азаптау қоғамда қорқыныш тудыру үшін жазалау құралы ретінде қолданылады. Азаптаудың әдістері әртүрлі болуы мүмкін. Физикалық тұрғыдан алғанда, ұрып-соғу немесе электр тогымен азаптау жиі кездеседі. Жыныстық сипатта да азаптау болуы мүмкін, мысалы, зорлау немесе жыныстық қорлау. Ал психологиялық азаптау әдістеріне ұйқыдан айыру немесе ұзақ уақыт жеке камерада ұстау жатады.

Халықаралық құқық бойынша азаптау мен басқа да қатыгез қарым-қатынастың кез келген түрі заңсыз. Бұларға ондаған жылдар бойы халықаралық деңгейде тыйым салынған. Алайда азаптау әлі күнге дейін көптеген елдерде бар, әрі бұл елдер азаптауды ұлттық заңнамада қылмыс деп тануға асықпайтын көрінеді. Азаптауға тыйым салынған және қылмыс ретінде танылған жағдайдың өзінде де, билік өкілдері азаптаушыларды сотқа тартуда, қылмысты ашуда немесе құрбандарға толық өтемақы беруде сәтсіздікке жиі ұшырайды. 2009 жылдың қаңтары мен 2013 жылдың мамыры аралығында Amnesty International әлемнің әр аймағындағы 141 елден азаптау туралы есеп алды. Азаптауға ақтау жоқ. Ол варварлық, адамгершілікке жатпайтын және заң үстемдігін терорға алмастыратын әрекет. Үкімет азаптауға рұқсат берсе, ешкімнің қауіпсіздігіне кепіл жоқ.

Шебнем Корур Финджанджы Түркия медициналық қауымдастығының логотипі жанында.





ШЕБНЕМ КОРУР ФИНДЖАНДЖЫНЫҢ ОҚИҒАСЫ

Үйде профессор Шебнем Корур Финджанджы Симоне мен Улула атты мысықтарымен уақыт өткізгенді, тамақ пісіргенді және музыка тыңдағанды жақсы көреді. Оның сүйікті композиторы – Бетховен.

Әлем үшін Шебнем – сот медицинасының сарапшысы, азаптауды жоюға бағытталған еңбектерімен танымал. Ол БҰҰ-ның азаптауларды тергеу жөніндегі хаттамасы мен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жыныстық зорлық-зомбылық бойынша анықтамалығын әзірлеуге үлес қосты. 2024 жылдың маусымына дейін Шебнем Түркияның медициналық қауымдастығының басшысы болды. Сондай-ақ, ол Түркиядағы адамдардың, оның ішінде пікір білдіру еркіндігі құқығын қорғау үшін үнемі күресіп келеді.

Түркия билігі оны үнсіз қалдырып, маңызды жұмысын тоқтату мақсатында жылдар бойы Шебнемді негізсіз қылмыстық тергеулерге, қамауға алып, сотқа тартқан. 2023 жылдың қаңтарында ол Түркия әскерінің Иракта химиялық қару қолданды деген айыптауларды тексеруді талап еткеннен кейін «террористік ұйымның насихатын жүргізді» деген айыппен сотталды. Шебнем бұл үкімге шағымданып жатыр, бірақ егер оның шағымы сәтсіз болса, ол екі жылға жуық түрмеге қамалуы мүмкін.

Түркия үкіметі адамдардың пікір білдіру бостандығын басып, Шебнем сияқты құқық қорғаушылардың жұмысына шектеулер қойып жатыр. Бірақ Шебнем олардың қорқытуларына мойынсұнудан бас тартуда. Қарсыластыққа қарамастан, ол: «Мен бүгінге дейін ешбір билікке бас ию әдетін қалыптастырмадым», – дейді.



© Фатош Ердоған



© Pexels



© Түркияның медициналық қауымдастығы

Жоғары және төмен бөлімде: Профессор Шебнем Корур Финджанджы.
Ортада: Ыстанбұл, Түркия.

AMNESTY INTERNATIONAL ЖАЙЛЫ

Amnesty International – бәріміздің адамгершілік сезімімізді оятып, адам құқықтарымызды толыққанды пайдалана алатындай өзгеріс үшін күресетін 10 миллион адамнан тұратын қозғалыс. Біз биліктегілер уәделерін орындап, халықаралық құқыққа құрметпен қарап, жауапқа тартыла алатын әлемге ұмтыламыз. Құқық бұзушылықтар қай жерде және қашан болса да, жағдайды зерттеп, ашып көрсетеміз. Біз үкімет және компаниялар сынды өзге ықпалды топтармен жұмыс істеп, олардың уәделерінде тұруын әрі халықаралық құқықты құрметтеуін қадағалаймыз. Өзіміз жұмыс істейтін адамдардың өмірлік маңызды оқиғаларын баяндау арқылы әлем бойынша миллиондаған қолдаушыларды өзгеріс үшін күресуге және алғы шептегі белсенділерді қорғауға жұмылдырамыз. Әрі біз білім беру мен трениң арқыры адамдарға өз құқықтарын қорғауға көмектесеміз.

Өлім жазасын жоюдан бастап, жыныстық және репродуктивтік құқықтарды ілгерілетуге дейін, кемсітушілікпен күресуден бастап, босқындар мен мигранттардың құқықтарын қорғауға дейін біздің жұмысымыз адамдарды қорғап, құқықтарын нығайтуға бағытталған. Біз азаптаушыларды сот алдында жауапқа тартуға, қысымға толы заңдарды өзгертуге және ойына бола түрмеге түскендерді босатуға көмектесеміз. Біз бостандығы мен қадір-қасиетіне қауіп төніп тұрған кез келген адам үшін үн қосамыз.

© Amnesty International 2024

Басқаша көрсетілмеген жағдайдың бәрінде, аталған құжаттың контенті Creative Commons (атрибуция, коммерциялық емес, туындыларға тыйым салынған, халықаралық 4.0) аясында лицензияланған. <https://creativecommons.org/licenses/by-nc-nd/4.0/legalcode>

Қосымша ақпарат үшін біздің сайттағы рұқсаттар бөлімін қараңыз: [permissions page on our website: www.amnesty.org](https://www.amnesty.org)

Егер материал Amnesty International-дан басқа авторлық құқық иесіне тиесілі болса, ол материалға Creative Commons лицензиясы қолданылмайды.

Алғаш рет 2024 жылы жарық көрді
Amnesty International Ltd
Питр Бененсон Үйі,
Шығыс Көшесі, 1
Лондон WC1X 0DW,
Ұлыбритания.

Қыркүйек 2024
Индекс: POL 32/8288/2024 Kazakh
Түпнұсқа тіл: Ағылшын

Барлық суреттер © Егер өзгеше көрсетілмесе, Amnesty International

Мұқабадағы фото:
© Жеке архив

[amnesty.org](https://www.amnesty.org)

**ХАТТАР
МАРАФОНЫ**

AMNESTY
INTERNATIONAL

